

84(54)

М 84

Әмірбек Мұқанұлы

*Талайды  
тандаңдырыған  
Тайжан ақын*



Жазқаған 2000 жыл

**Өмірбек МҰҚАНҰЛЫ**

**ТАЛАЙДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН  
ТАЙЖАН АҚЫН**

**Жезқазған, 2000 ж.**

**ӨМІРБЕК МҮҚАНҰЛЫ**

**ТАЛАЙДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН**

**ТАЙЖАН АҚЫН**

Же~~з~~казғандық қаламгер Өмірбек Мүқанұлының «Талайды тамсандырган Тайжан ақын» атты кітабы бүкіл Қазақстанға, әсіресе арқа даласына кеңінен танымал Халық ақыны Тайжан Қалмағанбетовтың өмір жолы мен творчествосына арналған.

Уақытында Жамбылмен іргелес болып, Укілі Ыбырайтай бата алып, қызылордалық Нартай Бекежановты баулыған. Тайжекеннің оқырмандарға осы қунге дейін белгісіз болып келген өмір беттері мен өлеңдері басылымда жарық көріп отыр. Туынды оқырман ойынан орынкты орын алары сөзсіз.

**Жазушы А. ҚАРАЖІГІТОВ.**

**2000 жыл.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Табиғат берген сирек таланты бар, өнер аспанына бала-лық шағынан бастап шолпан жұлдыздай жаркырап шыккан, 12 жасында қеудесіне өлең күсын қондырған Тайжан Қалмағанбетов казактың маңдайына біткен дара тұлға болатын-ды. Оны замандастары арканын ғұлі, әсем сөздің зергері деп бағаласа, кейінгі ұрлақ өнердің темір казығына баладайды.

Бала кезінен әнші, сазгер, сұрып салма ақын болған Тайжан өзінің талабымен елді аузына ертеден-ақ карата бастады.

Ол өткен ғасырдың аяғында көптеген айтыска түсіл, жиын-той, ойын-сауыкты жас та болса жүртішілікка өз өнерін кеңінен таныта бастады. Демек, сол уақыттагы тұндылары қағаз бетіне түсней ұмытылған. Оның өлөндерін білетін Нияз Ожанов, Болман Қожабаевтар болатын, өкінішке карай уақытында Тайжан жөнінде комакты маглұммattар алынып, жиналмады.

Тайжан ақын жөніндегі басылымдар, зерттеу жұмысы осы күнге дейін жоқтын касы. Бар болғаны жezқазғандық өлкे танушы С. Бұқровтың «Ой ағысы» деген «Жазушы» баспасынан 1980 жылы шыққан кішкентай кітапша ғана, Іздеген адамға бірен-саран мереілі ақын тойына ариалғаш макалалар ғана кездеседі. Сол сиякты жазушы Аппаз Қаражігітов та Тайжан енбектерін зерттеп, жариялауға атсалысып жүрген каламгерлердің бірі. Демек, оқырман кауым, әсіреле, жастарымыз артына калдырған өнері қазактың дархан даласындағы ақын жерлесіміз ақын Тайжан жөнінде жөнді білмейді, түсінктері аз. Облыс орталығындағы балықшылар калашығында Тайжан көшсесі деген көшө бар. Облыстық филармонияның ақын Тайжан Қалмағанбетовтың атына не болғанына біраз уақыт отті, Бірақ, «Тайжан кім?», деп сұрап жүргендерді өз құлағыммен талай естідім. Біреуіне түсіндірғеніңмен бүкіл халықка ойынды айттып жеткізе алмайсың ғой. Сондыктan дауыллаз ақын жөніндегі

кандалай да бір туындылар болмасын ақын даңқын көтереді, оны өз оқырмандарымен байланыстырады. Сондықтан осы кітапшаны жазудағы біздің негізгі мақсатымыз осы болатын-ды.

Енді оқырманға тамшыдай болса да пайдасы тисе, біздің алға койған мақсатымыз орындалды деп санар едік, Тайжан шығармалары уақытында қағаз бетіне түсірілмеген. Тек оның өнеріне табынушылар мен қызыгуышылар аузынан шыққан өлеңдерін жаттап алғып, үрпактан үрпакқа қалдырып отырған. Өкінішке қарай сол ақынды қөрген замандастары мен ақынның тыңдармандарының қатары да күннен күнге азайып барады. Әрбір Тайжан жөніндегі айтылған, басылған деректі әңгімелер мен өлеңдер ақын творчествосын толықтыра түсер деген ойдамыз.

Танымал ақынның Жайық Бектұров айтқандай-ак, Тайжан еңбектері әлі жиналмай жатқан бай қазына, әдеби мұралары зерттелмеген байлық дегені шындық. Тайжан мәселесі шын мәнінде осы күнге дейін қолға алынбаған сондықтан да осы күнгі жас үрпактар біле қоймауы, оның творчествосы игерілмеген тың сияқты, өлеңдері жинақталмаған, оқырмандарға жеткізілмеген.

«Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» — дегендегі, біздің кең байтақ елімізде белгілі мақтан тұтарлық ардагерлердің бірі — әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер Тайжан Қалмағанбетов.

Белгілі аудармашы К. Алтайский Тайжан өлеңдері жиналмаї өнерінің халық игілігіне пайдаланылмай жүргеніне өз уақытында баспа бетінде зор өкініш білдірген болатынды.

Осыдан отыз жылдан артығырақ уақыт өткен Қарағандының облыстық газетінде С. Бұқіровтың «Ескерусіз қалған ақын» деген енбегі жарияланған мақаласында Тайжан еңбектерінің зерттеусіз қалып отырғанын қынжыла айтып, оның баспадан шыққан туындыларының жоқ екенін тілге тиек өткен екен. Осы мақалаға байланысты Қарағанды жа-

зушылар одағының облыстық бөлімшесі оқырмандарға, Республикалық жазушылар одағына, баспа орындарына үндеу салған. Тайжекенді колға алғып, оның еңбектерін халық илгілігіне айналдыру туралы. Өкінішке орай, «баяғы жартас бір жартас» қана болып қалып отыр. Тайжан ақын жөнінде біз үрпак борышын орындаі алмай келеміз. Кішкене де болса ақын жөніндегі басылымдар ақынның даналығы мен даралығын еліне түсіндіруге күш салдық. Ой білдіріп, пікір айтқандарды құшақ жайып қарсы аламыз.

## ТАЙЖАН — КӨРГЕНДЕРДІҢ ҚӨЗІМЕН

Тайжан бүкіл Қазақстанның, Орта Азияның көптеген жерінде болып, талай ақындармен, ғалым, өнер қайраткерлерімен, өзін танытып, өз артына ұлағатты да өшпес құнды сөздер қалдырған ақын. Солардың кейбіреулерін оқырмандарға айтып өтуді жөн көрдік. Тайжекең өзі батасын беріл, шәкірті болып есептелетін қызылордалық Нартай ақын:

«Тайжанға деген халық сүйіспеншілігі көл дария, оның елге деген махаббаты одан да зор. Менің табынатыным оның әні, шебер сөздері, әсем дауысы. Мен Тайжанды үстаз тұтаман, ғұмыр бойы мактан етемін» деп жазған. Тайжан әні кең құлашты, кербез, нәзік лирикалық, терең сырлы, шырайлы шығармалар. Дауысы құлаққа қонымды. Әуені әсерлі де мөлдір, үні асқақ, тындаушы әрдайым сүйсініп те сүйіп тыңдайды.

Кенен ӘЗІРБАЕВ: «Әні де ерекше, ағып айтатын, төгіп сөйлейтін. Ақынның өз домбырасы, өз қобызы, өз гармоны сенімді әні болу керек. Мұндай қасиет Жамбыл мен Нұрнайісовте, Тайжан мен Шашубайдадаған болатын.

Академик Ахмет ЖҰБАНОВ: Нартайдың ақындық, әншілік жолға бүтіндей бет бұруына Ақмешітте арканың ардагер ақыны, әнші Тайжанның кездесуі себеп болды. Революция алдында Сырды аралаған Тайжан ақын Нартайдың ынта-қабылетін, өнер өрісін байқатып, оған өзінің әндерін

үйрөтіп, ақыл кенесін айтты. Нартай Тайжанды пір тұта-  
тыны да содан.

Сәбит МҰҚАНОВ: «Тайжанның өте жаксы билетіні —  
эн. Арканын Біржаны, Акан сері, Балуан шолақ, Газиз,  
Күлтума сиякты атакты композиторларының әндерінен оның  
білмейтіні жок. Тайжанның ерекше көп билетіні туған на-  
ғашысы — Әбыраі Сандыбай ұлының әндері.

Тайжанның өзі де халық арасына кең тараған талай  
тамаша әндер шығарды. Соларға халықтан үйренген әнде-  
рін қосқанда Тайжанды «таусылмайтын ән коймасы, тау  
бұлағы» деуге болады екен.

Жайық БЕКТҰРОВ: «Тайжан асқан дарын, көзі көре-  
ген, жадында көп дүние токыған, зейіні де алғыр. Тайжан  
арқаның атакты ақыны, әйгілі әншісі, домбыраши, гармо-  
ниши».

Драматург Шахмат ҚҰСАЙЫНОВ: Тайжан кыр мен  
сырға аты мәлім, өзгеше, әнінің мәнері өзіне тән ақын-  
әнші. Оған қоса Тайжан әзілкөй, сықақшы, көпті құлкіге  
кенелтіп отыратын жан.

Академик жазушы, сыншы Мұханбетжан ҚАРАТАЕВ:  
Тайжан жаңа заманға үн қосқан жырышы, орак ауыз, от  
тілді ақын, өзінің үлкен таланты аркасында Қазақ Совет  
әдебиетінің шоктығын білкке көтергендердің бірі болды.

Академик К. СӘТБАЕВ: Тайжекен Қазақ мәдениетін  
жогары көтеріп дамытуға үлес қосқан жан. Өркендереген  
өнердің шаңырағын көтеріскең дарын несі.

Үкілі Әбыраі САНДЫБАЙҰЛЫ: «Қандай шаршы топ-  
ка салсақ та тауы қайтпас, алқымы іспес жүйріктің маң-  
дайы жарылып тұр екен. Қекейіме көл тұндырып, жаным-  
лы жайлайға кондырган да мениң жиенім Тайжан бағың  
ашылсан!

## АҚЫННЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Т. Қалмағанбетов 1879 жылы Ұлытау ауданының Айыртау бөктеріндегі Карагандысай деген атамекенде дүниеге келген, Қейбір деректерде 1878 жылы туған деген сөз бар. Осы келтірілген бірінші деректің дұрыстығын ақынның өзі шығарған мына өлеңінен-ақ антаруға болады.

Мәскеуде онкүндікте сахна ашып,

Күрдас көсем Сталинмен болым дәмдес» — дейді ол. Сталиннің 1879 жылы туғаны анық. Бұл өлең Мәскеуде өткен онкүндіктің сахнасын ашқандығын жырлайды. Ал кейбір соңғы жылдарда шықкан деректердегі сахнаны Нартай аныпты, — деген сөз шындыққа сәйкес келмейді.

Тайжан Найман руынан шыққан. Одан Бағаналы, Сары-Сарғалдақ, Оразай — Рсай болып тарайды. Тайжекене арналған поэмада Қәкімбек Салықов:

Перзенті Ұлытаудың ақын Тайжан  
Қазаққа сырнайлатып атың жайған  
Баптаған, бабындағы бұлбұлым деп,  
Балталы, Бағаналы, Қонырат, Найман, —

деп Ұлытауда туған Найман перзенті екенін жырға қосқан. Тайжан Үкілі Ұбырайдың туған жиені, Мейіз деген апасынан туады. Әкесі Қалмағанбет молда құрым туырлыкты, ыс шалған қара шаныракты, жоқшылық пен кедейліктің зардабын шеккен жан. Өз сауатына сай бала оқытып, молдалық та жасаған, Тайжанмен айтысында Болман:

«Атаныз Қалмағанбет молда болып,

Біздің елде бала оқытып журмеп пе еді — дегені соныңдайғағы.

Ұлытау өнірінің ақыны Жоламан Тәттібаев деген энні әрі ломбырашы өнерпаз кісінің ел ішінде ашқан мектебін— 6-7 жыл оқып, оны тамамдаш Тайжан сауатын ашады. Жас

кезінен Тайжан кітапқа өте құмар болды. Ол мын бір түн, Керғұлы, Манаң, Жүсіп—Злиха сиякты шығармаларды оқып көбін жатқа білетін, әуенге салып үзінділерін әндеп тे отыратын.

Ақинның балалық шағы Ұлытау, Айыртау, Жезказган, Қарсақбай өнірінде өтеді. Өзінің өте ауыр өткен балалық шағын:

Сегізден бастап сенделдім,  
Татарыма иәр таппай,  
Сүйенетін әл таппай  
Бай құлдығында езілдім.  
Колым келте, кол қыска  
Кажыған Тайжан нан таппай,  
Он үш жасқа келген соң  
Ақ домбыра колға алып  
Ел жағалап құн көрдім.  
Әркімдерден сұранып  
Жас өмірді өткіздім.., — деуі

Бүкіл балдырған бала шағының, жоқшылықтың, киңишишылқ аштықты баяндайды, ауыр өмірін жырлайды. Бұл ақинның олеммен жазған балалық шагы жөніндегі өмірбаяны 13 жасынан бастап Тайжан көп алдына іркілмей өз ойын көркем сөзбен дәл айтып, тапқырлығын танытты. Осы уақыттан бастап ол өз халқының сүйікті ақыны болып дәрежесі жогарылай берді. Тайжан замандастарының айтуына қарағанда бала кезінен-ақ орақ тілді, ұшқыр ойлы, сергек, сезімталдығымен белгілі болды.

16-17 жасқа келгенде нағашылары Үбырай мен оның әкесі Сандыбайдан бата алмак болып Қекшетау жеріне барап өзінің ақындық және шығармашылық талабын шындаі түскендей болады. Осы жасынан бастап айтыска түсे бастайды. Өткір олендерді қолма-кол шығарып, өміріндегі әділесіздікті аяусыз әшкерелейді. Сонымен қатар ол әл қамын жеген ерлер, есімі анызға айналған халық қамкоры, батырлар туралы да тамаша жырлады. Совет үкіметі тұ-

сында бұрын-соңды болмаған бакытқа кенеледі. Жаңа заман ақын өлеңіне жаңа көрік пен жана үн, өзіндік ырғак алып келеді. Сол заманың жаршысы болып, жаңа үкіметті жырлады. Халық мұддесі оның өлеңіне арқау болды. Оның бүкіл Қазақстан, бойынша араламаған жері жок, соның ішінде Сыр бойына жиі барып тұрды. Жастық шағының көбісін осында өткізді. Мұндағы алғашкы сапары 1912 — 14 жылдары болатын-ды. Нартай Бекежанов пен алғаш кездесіп, бір айдай сонына ертіп жүрді, уақыты да сол жылдары. Нартай Тайжекенің шәкірті, одан бата алып канатын қаккан жан.

Сыр бойына бүкіл үй-ішімен көшіп кетуі 1931-32 жылғы ашаршылықпен байланысты. Бұл сапардан ақын еліне оқып, ақындығын шындал 1935 жылы оралып, Қарсақбай қалашынына орналасады. Негізгі ақын өнерінін дамып, творчествосының өрлеуі де осы кезеңдерде. Өкінішке қарай сол жылдардағы туындылары, әсіресе, жеті ақынмен айтыстары бізге жетпелі. Қекшетау, Караганды, Қостанай жерлерінде аз болмаған, ондағы өтетін әйгілі жәрменкелерде болып, тамаша кездесулері мен аныздар да осы жерлерде туады. Кейбіреулерін осы естеліктे келтіруді жөн көрдік. Ақынның шарлаған жағырағияссы ұлан-байтак еліміз Сарыарқадан бастап, Омбы, Орта Азия, Жетісу жерлері, Мәскеу, Алматы, Еділ — Жайық, Қаратай мен Ақтау, Тайжекенің әрбір сапары бір-бір дастан.

Әр сапарында ол өмір жолын толықтыра түсті, халқының мұнын мұндалап, жорын жоктап, ел зарына үн қости. Өз творчествосын байыта түсті. Шалқар шабытпен жүріп, жүздеген өлеңдер, ән-жырлар шығарды. Еліне елеулі кызымет атқара алды. Оның енбегі бүкіл, Республикамызға тағымал бола бастады. Қазақстан үкіметі халық арасындағы таланттарға зор қамкорлық жасап, 1934 жылы Алматыда бүкіл қазақстандық халық өнері қайраткерлерінің бірінші слетін өткізеді. Бүкіл кең байтак елімізден үлкен өнер иелері жиналады. Солардың ішінде біздін жерлесіміз Тайжекен де болды, Бұл сапарға ол үлкен ұлы 14 жасар Әшімханды

да ала барды. Үкімет тарабынан бұл ақынның алғашкы үлкен саҳнаға шығуы еді. Осы жолы Тайжекен бұл слетте ерекше көзге түсті. Өмірден өз орны мен бағасын алды. Тайжан аты халықка кеңінен танымал болып, әйгілі ақын атанды. Астанада сол кезде Одакка аты белгілі Жамбыл, Кенен, Шашубайлармен кездесіп, танысып-білсіп, пікір алысады. Өзі де соларға еліктеп ән шығара бастайды. Слет корытындысы бойынша Жамбыл мен Тайжан ақынға республика дәрежесіндегі зейнетакы тағайыналады. Қазақстанның Жоғарғы Кенесінің алғашқыларының бірі болып Құрмет грамотасымен марапатталады. 1936 жылы Алматыда өткізілген халық өнерпаздарының екінші слетіне де Тайжекен конақ болып катыса алады. Міне, осы бас косуда Мәскеу онкүндігіне баратын өнер майталмандары да іріктеліп алынған болатын. Соның ішінде біздің Тайжан ақын алдыңғы катарда болды. Тайжанның өмір серігі болған ақылы мен парасатына қоса өзімен бірге алып жүретін 12 тілді кара сырнай. Ол ақынның көзін көрген сырнай ортанды баласы Қасымханнның үйінде осы күнге дейін ақын өмірінің куәсіндегі сақтаулы түр. Сырнай бүгінге дейін өз үні мен ақынға косылған даусын жоғалтпағандай. Онда 1912 жылы «Троцк қаласында жөнделген» делінген, жөндеғен шебердің көлтәнбасы жазулы. Сырнайлы керуенде тілдерінде он саусағы жорғалаған, көмейінен жыр тәккен киелі Тайжекен еріксіз еске түсіп, бауырынды елжіретеді. Әттең кара сырнайда сөйлейтін тіл жок, әйтпесе ақын туралы біз білмейтін талай сырды шертер еді.

Мәскеуде онкүндікке барған сапары Тайжекеннің бір белес, оның көтерілген биік асуы болатын, бақытының асқар тауы еді. Өз өлеңінде «Бүкілодақтық староста» М. И. Калининнің қолынан сыйлық алғанын, И. В. Сталиннің қаылдауында болып дастархандас болғанын мақтан етеді.

Паш еттім көсемдерге өнерімді,  
Мадактап мысты өнірлі жерлерімді  
Жауырынымнан Қалинин қакканында,  
Езіліп коя берді-ау денем балқып.  
Советтің бел баласы секілденіп,  
Мастандым өз өзіммен солай шалқып —  
деп толғанады арка алыбы.

Ақын өлендері Жезқазған ауданының «Қазыл кенші» мен «Қарағанды пролетарнаты», Социалистік Қазақстан», «Еңбекшіл Қазақ», «Правда», «Известия», «Комсомол правда-сы», газеттерінің бетінде жарық көрді. Орыс тілінен басқа украин, белорусс, татар және Одақтың көптеген ұлттарының тілдеріне аударылды.

Окінішке орай, өлкетанушы Сүтемген Бұқіровтың «Ой ағысы» деген баспадан 1984 жылы шыққан кішкене кітапшадан басқа Тайжан жөнінде деректерден ештеңе жок. Мерейлі тойларға карсы шыққан бірен-саран Тайжекен туралы жарияланған макалалар. Олардың бәрі ақынның бай енбегін оқырманға өз дәрежесінде жеткізе алмайды. Жезқазған қаласында 1979 жылы ақынның жүз жылдығы 1990 жылы акпан айында 110 жылдығы облыс дәрежесінде атап-шып өтті. Үлкен мерекелік той жиындар болды. Соңғы тойдың карсанында «Ақкуға үн коскан ақын» деген өте көркем де көлемді плакат Жезқазғанда жарық көрді, Онда Тайжанның өмірбаяны, жанұясы, балалары, ақын замандастары, әріптестері бейнеленіп, олар туралы толық деректер келтірілген тойға жалғаса балықшылар қалашағында бір көшениң атын ақынға берді, облыстық филармония Тайжан Қалмағанбетовтың атымен аталады.

Тайжан бес ағайынды, екі ағасы, екі інісі болды. Ағалары — Құлжан, Тойжан, інілері — Шалабай, Шубай, Құлжан мен Шубайдан үрлақ тараған, көптеген немере, шәберелер Жезқазғанда тұрып жатыр. Шубайдың Жәлел деген баласы Республикаға танымал мемлекет қайраткері, Мәскеу тау-кен институтын тәмамдаған инженер. Шалабайдың жалғыз Әділ атты ұлы Жезқазған шахталарында жұмыс істеп жүріп қайғылы казага ұшырады. Тойжанда бала

болмаған, ақынның ортанды ұлы Қасымхан Тойжанның бауырында өскен бала. Тайжанның бес баласы болған, екі кыз, үш үл. Қыздары — Жамалтай, Кәмәлтай. Соғыстан кейін осы Жезқазған жерінде кайтыс болып жерленген ұрпактары бар. Ақын ұлының ұлкені Әшімхан 1920 жылы туған, Қарсақбай мектебінде оқыған. Ақынның ең сүйікті балаларының бірі болатын, өзі алыс сапарға шыққанда соңына ертіп алып жүретін. Бірақ, ақын өнері, әншілігі, әртістігі дарынады. 1939 жылы Әшекен міндепті әскер катарына шақырылып, соғысты Украина жерінде қарсы алыш, төрт жыл соғысты басынан өткізді. Осы өңірдегі полковник шеңіне дейін көтерілгенде Әшекен болатын. 1947 жылы әскер катарынан босағаннан кейін Рудный қаласына барып орналасып, автобазаның директоры болып, қызмет істеді. 70-ке тоған шағында дүние салды. Қостанай жерінде жерленген. Тойжан бауырында тәрбиеленген ортанды ұлы Қасымхан 1927 жылы туған. Қөп жылдар Полиграфия саласында істеді. 1994 жылы Жезқазған қаласында қайтыс болды. Өзінің ата мекеніндегі Айыртаудағы қорымында жерленген. Ол жерде Қалмағанбет ұрпактары жатыр. Ақынның кіші ұлы заң қызметкері Советхан да сол жерде, 1983 жылы дүние салған. Ол 1952 жылы Мәскеудің заң институтын тәмамдаған, Қарсақбай орта мектебін 1948 жылы алтын медальмен бітірген оқу озаты. Зангер болып Қостанай, Жезқазған қалаларында қызмет атқарды. Екеуміз әрі құрдас, әрі нағашылы-жиенді болып өмір бойы сыйласып өттік. Менің тұнғышым туғанда анасы қансырап өлім аузында жатқан өз қанын беріп Мәкенді тұңғыш нәрестесімен алыш қалған Советхан еді. Маған еркелегендеге:

— Өмеке, Марат біздің үйдің баласы, Мәкеннің жарты қаны менікі, —дейтін еді. Советханның адам есін де қалған ұлағатты істері мен ақсартаудай адамгершілігі мол еді ғой. «Топырағың торқа болсын, жатқан жерің жәйлі босын — деп ақынның рухына дұға оқып, бағыштап отырамын. Ақынның ағалары мен інілерін көзім көрді. Қарсақбай зауытында көрші тұрдық, әрі құда-жеккжат едік, ағайын-туыс болып кеттік. Қебінің батасы мен алғысын алдым. Өлмесек апай айтқан мына бір әңгімені келтіргенді дұрыс көрдім.

Тайжекен Сыр бөйинде жүргенде айтысқа көп түседі. Бірде ақын әйелмен айтысып, ол әйел Тайжекене сауал қояды.

— Тайжеке! Мен сізден айтыстан женілдім. Сіздің әйелінізben куресем, егер жыksam, оны тастатып, мен сізге жар болам — дейді. Көп ойланбай-ак ақын келісімін береді. Біздің Өлмесек апай өз анасына тартқан орта бойлы, ыкшамды, келбеті келген кісі болатын. Бұрын күреске туғсіп көрмеген. Елден алыста жүргенде жан жарымнан айрылып, ауылға жалғыз кайтам ба? — деген ой да билейді апайды. Ал, күреске шакырып отырған әйел зор деңелі күш иесі сияқты болып көрінеді. Көп уакыт өтпей-ак күрес те басталып кетеді Әлде әруақ коллады ма, не жан қысылғасын шыққан күш қымыл ма, бірер айналымнан кейін апай белден алып, өзіне қысып, аяқтан шалын жығып жауырынын жерге тигізіп күш алады.

— Ақынды алып ауылға кайттым, шынымен ол уысыман шығып кете жаздады — деп апай құліп айтып отыратын.

Ақын өмірі қысқа болды. 58 жасында репрессия құрбаны болды, бұл біртуар таланттың кемеліне келген шағы болатын.

Ыстық жүргегімен өз халқын сүйген Тайжан, дегеніне жете алмай есіл өмірі үзілді, арманда кетті.

Қаптасты көніл кайғылы,  
Қекірек толды санаға,  
Дүшпанның сөзі әр болыш,  
Өтірік күйдім жалаға, —

деп налиды ақын Қарсақбай түрмесінде отырып. Бұл оның соңғы өлеңі болатын. Оны өзімен бірге қамалған, кейін босап акталған Нігібай ұлы Бәйелі деген ақынның інісі жаттап алып, тұған-туыстарына жеткізген. Өлең 1994 жылы облыстық «Сарыарқа» газетінде жарияланды

«Ақынның сөзі өлмейді, жаксының өзі өлмейді» дегендей-ақ ақын Тайжан бүтінде тірі, біздің арамызыда жүрген сиякты, ақынды көріп, оның өлеңін тындағандар бас коскан жерінде жастарға әнгіме, аңыз қылып отырады.

Өкінішке қараң ақынның каза табуы туралы толық дөрөтер де онша анық емес. Ұсталғаннан кейін ол ешбір хабар-ошарсыз кетті. Тексеру қағаздарында 1937 жылы Теректі станциясының манында атылды, — десе, 1958 жылы балаларына келген актау қағазында ақын Сібір жакта 1938 жылы акпандада атылды делінген. Ал, кай жерде, қандай жағдайда жерленгені туралы анық хабар жок. Тайжекен ұсталысымен оның жанұясы да құғын-сүргінге үшырай бастады. «Халық жауының семьясы» деп оларды колмен, шұқып қыргыкабактата бастады. Тайжан деген ат аталмады. Мектептің өзінде жаудың баласына дұрыс орын болмай шеттетті. Ересек балаларының жұмыска орналасуы күн болды. Ақынның отбасы ширек ғасырдан уақыт құғын-сүргінге үшырады. Тіпті, оның үйіне кіріп шыққан адамдардың өзі есепке алынып, тексерілген жағдайлар да болды.

Тайжекеңнің түскен суреттері өте сирек кездеседі. Оның сырнай тартып, сырнайсыз бөрік киіп түскен екі-ақ суреті бар. 1934 жылы 7 шілдеде № 16 санды Қазақ әдебиеті газетінде Тайжан ақын деген Шахмат Құсайыновтың фотосуреті алғаш рет жарияланды, сол газетте автордың көлемді мақаласы да бар еді. Оnda Шахаң Тайжанның қажымас қуатын, өзіндік өшпес орынин, оның өнердегі өзіне тән жолын бейнелеген болатын. Сол жылы қазактың төрт алып ақындарының суреттері түсірілген. Бұл фото Тайжекеннің олармен терезесі тәң екенін дәлелдейді. Олар Кенен, Қали, Жамбыл, Тайжан төртеуі еді.

1936 жылғы мамыр айындағы Мәскеудегі онкүндікте Құләш пен Тайжанның, Жамбыл мен Тайжанның жеке түскен, ғұл ұстап тұрған суреттері бейнеленіні. Бұл астана-лықтардың Қазан вокзалында онкүндікке катысушыларды карсы алып тұрған сәті болатын. Енді сол жылғы тағы бір фотода Құләш, Жамбыл, Шара, Тайжан төртеуі бірге тұ-

сіпті. Бұлардың бәрі «Правда» «Известия» газеттерінде ба-  
сылған.

Академик Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» деген кітабында, тиісті деректерге сүйене отырып, халық ақыны Кененди Тайжанның шәкірті деп санайды. Ал «Халық ақындары» деген баспадан 1945 жылы шықкан кітабында Тайжанды Жамбыл, Доскей, Нартай, Орынбайлармен катар коюы да тегін емес.

Тайжанның өмір жолы, творчествосы еңбекшіл халыктың мұнын мұндалап, жоғын жоктауға арналды. Тайжан Сарыарқаның дауыл үнді, өткір тілді, суырып салма, тәкпе ақыны, сазгері. Ол не сөйлесе де өлеңмен айтатын, сырнаймен шыркайтын, Әнді айтқан сайын даусы ашыла түсетін, барған сайын толқы түсетін замананың бұлбұлы болды. Жайық Бектұров айтқандай, Тайжан өлеңдері жас атаулары біздің бүгінгі сөздігімізді әдеби тіліміздің корын молықтырады, байыта түседі.

### ТАЙЖАННЫҢ ҮКІЛІ ҰБЫРАЙДАН БАТА АЛУЫ

Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Есею жылдарында» деген кітабында: «Тайжан кішкене күнінен шайқы—мазак еркелеу болып есіп, әркімді өлеңмен сыққатайды», деп жазған, 15-16 жасқа келгенде ол тіпті күтіріп, айналасындағыларды мазалай түседі. Сосын оны жынданған шығар деп, байлан тастаған кездері де болған. Ауылға келген конактардың біреуі:

— Бұл баланік «жыны» болмау керек, нағашысы Ұбырайдың ақындығы қонғалы жүрген сиякты. Үкіліден бата алса Тайжанның мінез-құлқы дұрысталып, нағашысының ақындығы конуы мүмкін. Тайжанды нағашысына жіберіндер, — дейді. Қалмағанбет ақсақал баласын нағашысына жіберуге бел байлады. ...Ұзак жол жүріп көптеген бейнетпен қыстың көзі қырауда жас ақын бала, Үкілі Ұбырай ауылына жетті, Тайжанның нағашысы мен Қекшे жерінде

бірінші кездесуі Жалғызтау өнірінде Саумал көл жанындағы Қамсақты маңайында өтеді. Ұбырайдың өз жанындағы әуеской жігіттермен саирандап, салтанат күрып жүрген ке-зі болса керек. Алыстан аңсал келген жиенін ұлы нағашысы Сандыбай карт та қатты қуанып, құшағын жайып карсы алды. Үкілі Ұбырай «Гәккулетіп» әндептіл сағынып келген жиенін алғашкы кездескен сөттен бастап-ақ ерекше ыстық ықылас танытып, өз қамкорлығын көрсетеді. Ұбырайдың «Гәкку» әні дүниеге келген жылы Тайжан туған екен. Нағашысының құрметіне риза болған жас ақын жолдан шаршап келгенін де ұмытып кетеді. Қонақ келді деп бүкіл ел болып тойлап, оған зор сый-сияпат көрсетіледі. Тойға көптеген ауыл ақындары мен жыршы сияқты өнер адамда-ры да келеді. Оның біреуі Сандыбайға:

— Осы қонақ балада ақындыктың бір белгісі бар сиякты, — дейді Тайжанның зейіні мен кімбылына сүйсініп. Тағы біреуі оны костағандай,

— Болса болар, «көз жанары отты екен» — дейді.

Сол-ақ мұн екен, Тайжан жанында тұрған домбыраны колына алып қағып — қағып жібереді де әсем дауысымен «Гәкку» әнін шырқай жөнеледі. Одан соң жиналған нағашыларына өзін өлеңмен таныстырады.

Сұрасаң менің атым Тайжан,  
Жігітке пайды бермес ажырайған  
Білдірмесем өзімді нағашыма  
Найманның жас баласын білсін кайдан.  
Сұрасан руымды Қонырат — Найман,  
Ұраным Алатау мен Қапшагайдан  
Сұнқар бол туғаннан сон тұрымтайдан  
Халқым сүйіп койыпты атым Тайжан.  
Мен келдім ат арытып алыс жерден.  
Таптым мен міне Сізді Керей елден  
Ардакты Ұбырай ақын нағашымның.  
Мен болып жиенің іздең келген, —

деген екен.

Орындаушы тындаушылардың ойынан шығып, риза болады. Конакка жылғандардың арасында Үкілі де болатын. Тайжанның «Гәккүді» орындауының шеберлігі автордың өзінен артық болмаса кем болмайды. Эн аяқталған соң Ұбырай Тайжанды күшактаң, бетінен кайта-кайта сүйеді, көзіне жас алыш:

— Нагашыңа тарткан екенсін, сені осындаі болар деп ойлаған жоқ едім, — деп өзінің риза болғанын білдіреді.

Бұл жас ақынға дем беріп, канаттандырып жібереді. Нагашысының ақындыктың әлеміне кең жол ашып берген, жолдамасы сиякты болды. Одан кейінгі орындалған өлеңдеріне де, — Қандай ғажап, зор дауыс! — деп сүйсініп айтылған сөздер басқаларынан да естіліп жатты. Осылай ә — дегенин-әк тандай қактырған Тайжан өнерін алғашкы күннен бастап нағашы жұртына көрсетіп, одан әрі жағастырды. Эн өлеңін төгілте берді.

Онсыз да сылтау іздең отырған аты әйгілі сал ақын маңайына сауықкой жігіттерді жинап, қыс бойы ел аралап сайран салады. Жаңа ғана мектеп есігін ашқан окуышыдай, Тайжан орындалған әсем әндерге үйып, күлак күрышын одан әрі қандырады. Әсіресе, нағашысының өлеңдері Тайжанға зор әсерін тигізеді. Алғашкыда жатырқағанымен де несін үйретіп алған соң, ол Ұбырайдан естіген өлеңдерін жаттаң, әуенімен орындал, өзіне өмірлік жан азық қылады. Оған коса Біржан мен Ақанин, Балуан шолак пен Фазиз ақынның өлеңдерін де игерे бастайды.

Жас Тайжан өз әдетімен көкшеліктерді таңыстырғанда оның таланттының ешкімнен кем еместігіне Ұбырайдың көзі жетеді.

Тайжанның қасиеті күн откен сайын айқындала түсті. Оған нағашысы үлкен камкорлық жасап, тәрбиелеу өнерін шындаї түсуге көмектесті.

Осы кездесуде Тайжан мен Ұбырайдың арасында көп-теген үқасас ортак қасиеттер бар екені байқалды. Олар дау-

ылды сарын, аскак кең тыныс, лирикалық нәзік сезімдер еді. Сол сиякты Ұбырайдың баска да асыл қасиеттері Тайжанның бойына дари бастады.

«Тайжекеннің ақындығы мен әншілігі Ұбырайға біржо-ла тарткан» — деседі ақын енбетін зерттеушілер. Оның та-бигатындағы еркелік, ерекше ожарлықтың да болуы ақын-ның тамыр қуғандай Ұбыраймен туыстығының айқын ай-ғағы мен белгісі болатын.

Сөйтіп Тайжанның өлең әлеміне канат қактырып, тома-гасын сыпырған қырандай тәрбиелеуге баулыған Ұбырай болатын. Өмірлік өшпес шуак күн болып жиенін иебір алуан жүйрік өнерпаздармен талай сайыска түсіп, шеберлік мектебінің, ақындық сыннан өтеді. Осы жолы Үкілі Ұбы-рай мен Тайжан алғашқы рет айтысады.

Академик жазушы Сабит Мұқанов айтқандай: — Екейі де әнді екпіндете, құбылта құйқылжыта, құлаққа жағымды етіп айтканда Тайжан Ұбырайұлы аузынан түсіп қалған-дай болып көрінетін. Оның түр тұлғасы мен бет бейнесі де бірінен бірі аумақ қалған.

Осылай Тайжан ақын Сандыбай елімен танысып мау-кын басты. Тайжанның Көкше жерінде болған әрбір күн ән мен думанға, ойын мен қызыққа айналады.

Қөктем шыға Тайжан елге қайтқысы келгенін нағашы-сына білдіреді. Шығарып салу рәсімінде ауыл болып Ұбы-райдың үйіне жиналып, Тайжан танысқан ел азаматтар сый-сияптарын ала келеді. Ұбырай да орай буылған бір аманатын ала келеді, оны көрген Тайжан:

Ішінде Бағаналы тудым жеке,  
Өскен сон халқым көрер көп мереке.  
Колына қайта-қайта ұстай бердің  
Алғың келіп отыр ма нағашы-еке, — дейді.

Қатар отырған Ұбырайдың ағасы Шалғынбайға карай ақын елеңін одан әрі жалғастырады.

Егіз туған анадан Арғын — Найман  
Халқым сүйіп атымды койған Тайжан.  
Қарауында бөтөн еш жұмысым жок,  
Бата алғалы келіп ем Ыбырайдан  
Алыстан іздеп келген нағашымсын.  
Биікте кол артатын нағашымсын.  
Берсөн де дүние мал мен алмаймын.  
Бата бер, жиенінің бағы ашылесин.

Өлең жолдары Сандыбай мен Ыбырай дән риза болып, үлкендік, ақындық нағашылық батасын береді.

Ей, Тайжан, ана көрдің ата көрдің,  
Бірер күн біздің елге жата келдің,  
Сұрағаның өлең гой, жолың болсын,  
Ақ көпілден ариайы бата бердім, — деп.

Осы баталан кейін Тайжекең жаңа шабытка пе болып, ақындық биіктікке көтеріле бастайды. Еркелігі мен бала-лық шәлкездігі біржола ұмыт болады.

Сол күннен бастап Тайжан өзінің құдіретті нағашысын аспандағы аққу дауысына үн коскан Үкілі Ыбырайды өмір бойы өзіне ұстаз тұтады, максат етеді, оның шанағатты дуалы батасының ұдайы канагаттандырғанын аузынан үнені тастамай жүрді.

Осы сапарын корыта келе Тайжан:

Баласы Қалмағанбет атым Тайжан,  
Ақылмен өз еліне атын жайған.  
Он екі ата Қарауыл, Сегіз ата Дауіт  
Жиенге ұмытпайтын тиді пайдан — деп  
жырлады ол тағы бір жерде:

Өленді енді бұлай күшейтемін.  
Нағашым алдым бата Ыбырайдан  
Самсаған самбыл тойдың ортасында  
Нағашым бата беріп колын жайған.  
Ашылып енді бауым түйгүн құстай  
Лықсып қайтпай барад өлец ойдан, — деген.

## ТАЙЖАННЫң АҚМЕШІТКЕ САПАРЫ

Қызылордалық белгілі Нартай Бекежанов өз естелігінде Тайжан туралы, оның бойындағы өнері мен өзіне көрсеткен улті-әнегесі туралы өле өлгенші аузынан тастамай айтып жүрді.

— Он бес жастағы кезім болатын, — деп бастайды әнгімесін Нартай. Ақмешітке Тайжан келіпті, халыктың бәрі Тайжан манында екен, — деген хабарды естіп Шиеліден Ақмешітке келдім. Мен Тайжанға шаршы базардың ортасында кездестім. Құлашын сермей тарткан, сырнайға шырқаған әнін қосып тұрған Тайжан ақын жиналғандарға ерекше әсер етті. Қолындағы қара сырнай, қобыз, сыйбызы, домбырасынан кезек-кезек үн шығарып ойнап жатты. Қызыған уақытта кияктай қара мұрты көкке өрлеген қыранын канатында, құышқ беті сырнаймен бірге ойнап отырғандай болды. Жазық денесі билеп, шырқаған дауысы ескектеген желді елестетеді. Ән қызыған кезде ақын денесі ірілеп тұрғандай болды. Мұндай ғажап әндерді тыңдағанда өзімді туған елдің әсем табиғатына шомғандай сезіндім, — деп жазған Нартай. Тайжанды алғашкы көргенде осы кездесуден бастап екеуінің арасы әғалы-інілі болып жақындаі туғеді.

Тайжанның осы жолы орындаған өлеңдері Үбырайдың «Сүйгенім», «Каракат көз», «Гәкку», «Жиырма бес», «Желдірме», Біржанның Жамбас сипары, Ақанның Құлагері еді.

— Үлкенсіз ғой, сіз бастаңыз өлең жырды, — деген Нартай. Өнерде үлкендік болмайды, — деп жауап береді Тайжан ақын. Оnda Нартай:

Дәреже ақыл емес қой бәрі бірдей,  
Кейбіреулер шауып жүр әлін білмей  
Шапағатың мол болсын. Тайжан аға-ау  
Жайма-шуак көктемі жарық күндей!  
Байқағанға кені ғой өлең-жырдың,

Эн алып келген Арқадан ағамыз, — деп  
Тайжан-аға алдына келіп тұрмын, — дейді.

Нартай өленді айткан сайын Тайжанның жүзі гүл-гүл жайнап сала берді. Нартай тек әнші емес, оның бойында дарынмен әртіске тән өнердің де бар екенін Тайжан сол жолы-ақ байқаған-тын.

— Айт, шырағым, құлағымның құрышын қандыр, даусың бар екен, — дейді. Оған Нартайдың кең ауқымды ашақ дауысы ұнады. Өленді қыска, нақ айтатын мәнері де ақын көнілінен шықты. Нартай Тайжанға тағы бір сына-тайын дегендей:

Шешен адам сүйінер тіл мен жаққа,  
Тайжан аға, келдініз біздің жаққа.  
Риза болсын, тыңдаушым, қадірлі аға  
Қызыл тілім сөйлей қал сын сағатта, — деп  
бір қояды.

— Нартай көрсеткен өнерің шын жүректен шығып, жүрекке жетті, алда алар өнегең де үйренер өнерің де мол. Саған арқаның асқақ әнін үйретермін, — деп Тайжекең өз ойын білдіреді. Бұдан артық Нартайға куаныш та, бақытта жоқ еді.

Тайжан бірге жүрген күндерде Нартайға өзінің әндерін үйретеді, ақыл кенесін айтады. Өнер жолы онай жол емес, тек ерінбей еңбектеніп, ізденсөн, талаптансаң ғана мұратқа жетуге болады. Ол сенің қолыннан келеді. Ақын да, әнші де боласын, — деп сенім білдіреді.

Акмешіт күндері Нартайға зор эсер қалдырды. Өнеріне тәнті болды. Сол сапарға Тайжан тек Нартайға емес. Сыр бойындағы көптеген жас ақын әншілерге үлгі-өнеге көрсеттіп, үстаздық етеді. Тайжанға еліктең, енді даусын 12 тілді татар сырнайына қосып шығаруды үйренеді.

Тайжан Нартайға бірде: — Бата алу деген сөз — еңбектену деген сөз. Батасын беретін адамның бойындағы бар

дарынын үғып үйреніп ыждағаттаң бойға сініру **деген сөз**. Өнін үйрен, асыл сөздерін көнілге тұт, Нартай **шырағым**, осыны зердене мыктап үялат — дейді.

— Макұл аға, бұл акылынызды есімде үстармын, — деген Нартай осы сапарында Тайжанмен ілесіп, Арал, Қазалы, Шалқар, Ыргыз жерлерін аралайды. Думандатып, көптеген ән-күй тыңдал нақыл сөздерді тыңдайды. Бір айдан аскан сапардан кейін ағадан рұқсат сұрап, елге аттанар алдында Нартайға:

— Шырағым, Нартай — деді ол; — бір айдай бірге жүріп, дәмдес болдық. Өмір сокпағымыз әлі де талай кездесер. Мен сенің таланттыңа дән риза болым. Қелешекте сенен үлкен өнер несі шыгады.

— Сенде әнишліктен акындық басым. Өзіне тән әнің болуы керек. Осыны ойлан, — деп ағалық акылын айтады.

Өлмегенде не өлмейді?  
Жаксының аты өлмейді,  
Фалымның хаты өлмейді, — деп Бұхар жырау айткан екен. Сондай-ақ елге жаксы атың шығып, сол атың өлмесін Нартай! Аумин — деп Тайжекен батасын береді.

Тайжан Нартайға шөлдеп тұрған далаға жауған нөсер жаңбырдай болды. Сол жаңбырдан нәр алған Нартай дала гүліндегі күлпірып шешек атты. Тайжан әндері оған зәм-зәм суындаі қуат беріп, өнер өріне жетеледі. Төмендегі олең шумағы сол жолы туған болатын-ды.

Аралап Сыр бойында серуен еттім,  
Ән шырқап Сырдан талай көшпен өттім.  
Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп  
Әнімді мен Нартайға тастап кеттім.

Осы ұлы акын батасымен Нартай бойындағы өнер бұлағының арнасы ашылып, тасқын селге, сұы айдын көлге айналды. Тайжан сиякты домбырасы мен сырнайы коса ойнайтын Нартай келген жер сән-салтанатқа қызық думанға

ән жырға айналды. Тайжанды пір тұтқан Нартай өнер жолына бір жола ден койып ақындық қабылетін шыңдай түсті.

Ол тек әйгілі ақын ғана болып коймай, парасаты мол, елім деп сіреген, жастарға камкор, үлкен жүректі, мейірімді өз заманының парасатты адамы болды. Ондай Нартай касиеттерінде Тайжекеннің де улесі бар. Сөйтіп өнер биігіне көтерілді Елімізге танымал, артынан өшпес белгісімен колтаңбасын таставды.

Одан кейін де Нартай мен Тайжан бірнеше рет кездесті. Өзара ақыл кенес алып, пікірлескен ақындар 1934 және 1936 жылғы Алматыда, Мәскеуде өткен өнер байқауы онкүндікте бірге болады. Жезқазғандық Сары Әбсатов айтқандай Оңтүстік жакта Тайжанның көптеген өлеңдері мен әуендері Нартай әндері деп орындалып жүрген көрінеді. Екі алып ақында ортақ өнер, әуен, қимылы, жүріс-тұрысы, 12 тілді сырнайына шейін ортақ.

### АҚЫН ЖӨНІНДЕГІ ЕСІМДЕГІЛЕР

1995 жылы Жезқазғанда өткізілген 65 жылдығыма байланысты тойымда ақын Тайжанның інісі Шубайдың кенже баласы Әбдікәрім Қалмағанбетов:

«Бүгінгі облыс орталығында дүрілдеп өтіп жатқан Өмірбек ағамыздың тойы үш жүздін басын қосқан Ұлытаудың тойы, арқа алыбы ақын Тайжанның тойы деп айттар едім. Себебі Өмекең сол Ұлытауда туып, менің Сырнай аттанан (Тайжекенді осылай аттайтын еді Әбдікәрім), бата алған жан. Оның өсіп-өніл, еліне ғалым, маман ретінде танымал болуы, сол кісінің берген ақ батасы мен алғысы», — деген Әбекең өлеңмен жалғастырыды.

Білемін бала жастан Өмірбекті,  
Талқаншы ата-баба болған текті.  
Жездесі аты әйгілі ақын Тайжан,  
Мәскеуде онкүндікте ән төгілтті.  
Сол Тайжанның сырнайын арқалаған,  
Атын ерттеп, атқосшы боп тойға барған,

«Қара бала» сен өскенде дәрігер бол,  
Деп жездесі ақ ниетпен бата берген.

Мен сол Тайжекенді көріп, даусын естіл, сонына еріп жүргендердің сонғы тұяқтарының қалдығы сияктымын. Ақын замандастары, көз көрген кариялар ол дүниелік болып кетті. Сол себепті есте қалғандарды оқырмадарға ортақ етуді жөн деп санадым.

Тайжекен Сыр бойынан 1935 жылы елге көшіп келіп Қарсақбайдан орын тепті. Ол кезде біз Айыртау колхозында үлкен шешеміздің (Тайжекеннің енесі) колындарымыз. Ақын шешесіне сәлем беру мақсатында біздің ауылға келді. Ол өзінің туған жері мен қайын жұртының мекені.

Арада біраз жылдар өткендігі ме, өзі бала күнінде суын ішкен құдықтар мен мөлдір бұлактар шөлін қандыған ақ бөкен жайланаң байтақ даласын, кіндік қаны тамған ата мекенін ақын сағынып қалған екен. Оның үстіне көптен көрмеген ағайын-түсі, қайын жұрты бар. Келе сала ақын туған өлкесін аралап, ел жұртына, қыры мен төбесін, шыны мен сай-саласын тегіс аралап, аунап-қунап біраз мауын басты.

Жайлauы бір, ішетін суы бір қатар отырған екі елдің куанышы мен қайғысы да ортақ болатын. Ақын сол қатар отырған туыскандай болып кеткен екі елдің еркे елігі сияқты еді.

Жоқшылық пен таршылықты көрген, талай терін тектен осы Ұлытау аумағы Тайжекеннің басынан өткен талай күндердің күәсі болатын. Мұхит толқынына үқсас Ұлытау өнірінің қыраттары, биік асу мен терең жырларына дейін Тайжан үн косып, ән шырқап тұрғандай әсерде болатын.

Міне, осы уақыттан бастап 2-3 жыл ақын жанында болдым, сол өнірді аралаганда атынын артына мінгізіл алғып, ел аралатып өнер көрсетті. Бала демей, жолда келе жатып, өлеңдетіп отырып қызықтырып маған әңгіме де айтып қояды. Шамам келгенше домбыра, сырнайын үстап отырамын, алғып жүремін. Жүгіріп барып атын айдал келе-

мін. Ақынмен жүріп «Халық жауы» болып ұсталғанша жол серік болды. Осы әңгімені мен газетке жазғанымда сенбейшілер де кездесіп жүрді.

— Сен 6—7-дегі баласын, калай ақынмен журе алдын? — деп. Біреу жетпіске жеткенше бала, біреу жеті жасында үлкеннің ісін істейді. Маган үлкендіктің кіріуі жетімдіктің салдары болуы керек. Экесіз өскен жетім жан-жағына көз қырын ертерек салады, балалық деген бола коймайды. Мен балалықтың бал дәуренін басымнан өткерген жокпын. Бала болып ойнап еркелей алмадым. Оның басты себебі әкемнің үш жасымда дүниe салуы, тым ерте айырылып қалғаным. Менің әкем Тайжанның балдызы. Сонда Тайжанның әйелі Өлмесек апай әкем Мұқанның туған апасы. Сол жылдар ақын семьясымен Сыр бойында болатын. Көшіп келгенде ол кісі біздің үй үшін тек күйеу ғана емес, әкеліқ камкорлықты да өз міндетіне алды.

— Шешей не дейді, шешей калай шешеді? — деп отбасы болып шешілетін мәселелерді менің үлкен әжем Қалишаның алдына әкеліп салатын.

Тайжан 28 жасында біздің Өлмесек апаймызыға үйленеді. Ол кісі үлкен атамыз Жабайі қажының үлкен немересі болатын. Үйлену тойы ақынның өзі туған жері, ата мекені Айыртаудың етегіндегі Қарағандысай деген жерде өтеді. Екеуі отыз жылдай өмір сурғенде өте тату тәтті болды. Олардың жүрген жері даланың сахнасы болып, ойын тойлар жүріп жататын.

Тайжекенмен бірге жүргендегі кейбір сәтке токтала<sup>a</sup> кеткім келеді. Ақын баланы жақсы көретін еді. Ауылда бір бала кетіп бара жатса, онымен амандастып, мәндайынан иіскеп кететін. Тіптен сол бала үшін секіріп, аттан түсетін. Ол кісінің қимылы шашшан, жүрісі тез болатын. Ұлытау баурайында көк майсада келе жатып өсіп түрған сыйызығы курай көрсе де қызыға кететін, оны кесіп алып, кажетті тесіктерін тесіп, тартып көретін жақсы сыйызығының даусына шаттанатын еді. Табиғат Тайжанға сұлулықты да аямай

бере салған сиякты болып көрінетін. Бір көрген жан оның тегін адам емес екендігін түріне қарап-ақ түсінетін, оларды үйіріп әкетстін еді ақын.

Ол ак жаркын, кіші пейіл, үлкен мен кішіге де бірдей ізеттілікпен карайтын жан еді, адамгершілігі зор, тілімен сінімді, әнімен жағымды адам,

Тындаушыларға өлеңді айткан сайын, денесі қыза келе ақынның даусы ашыла түсетін, сөз өнері нақыштанатын оған мен бала болсам да танданамын, қызығамын және мактан етемін. Оның үстіне менің жездем жомарт, сакы, сал сері ғой.

Тайжекең сегіз қырлы өнерпаз. Онда ақындық пен әншіліктен басқа әртістік өнерінің де кейбір қырлары бар. Ол шауып бара жатқан аттың үстіне теріс отырып, жерге секіріп түсіп, қайтадан мініп, иеше түрліні көрсететін осы құнгедейін көз алдыымда. Бетін қисайтып, бір қулағын жымытып шұнақ та болып қалатын. Қолын пегіне салып бетін қисайта салатын, көзін акшаңдатып соқыр да болып қалатын, мұрның да қисайтып пұшық та болатын.

Балгерлік, баксылық да қасиеті бар еді. Ол ағаштан түйін түйген шебер болатын. Домбыраны да қажетінше өзі жасап алатын, Домбырасы жоқ үйлерге келгенде қолына балта, немесе шашшот алып, домбыра жасап, отырган же рін үлкен бір мерекеге айналдырып жібереді. Тайжанның концерттік сахнасы — Қарсақбай зауыты Жезказған кеншілері мен колхоз даласы болды, тындаушысы бүкіл халық еді.

Жанында жүргенде мейірмандығына бала болсам да сол кезде көзім жетті. Оның үстіне өлеңі көкейге кона кететіні, әрбір тындаушысының көңіл күйін табатын өзіне тән әсем әуені бар-тын. Ол тек парасатты акқоңіл ақын емес, ақылы мол, елдің камы мен бірлігін елдің татулығын ойлайтын, өзінен кішіге камкор, үлкен жүректі асыл жан болатыны уақыт өткен сайын ай фактанып келеді. Тайжекенің сиқырлы қабылеті жөнінде сл аузында әңгіме де көп.

Бірде Шпелі базарына барып жүргенде Асанбай деген бір қуатты ақсақал, Тайжекене жалынғандай болып:

— Ақын, біздің ауылға барайық, көп болды дастарханда болғанымыз жок, дәм татып конак болып кетіңіз деген-нен кейін екеуі екі атпен Асекенің ауылына карай сапар шегіп, желе-жортып жүріп кетеді.

— Тайжеке, сіз аяндай тұрыныз, үйде бір қабаған ит бар еді. Менен баска ешкімді тындаі қоймаушы еді, — дейді.

— Жок, бармай-ақ қой, бірер қабаған итке өзімнің де қабылетім жетеді, — дейді журс сөйлем Тайжекен, Сол айтқаны мұн екен, абалап тарлан қасқырдай бір тәбет ай-барлана жүгіріп келіп үмтыйлады. Сол кезде Тайжекен сырнайын ала салып, өзіне тән әуенін ойнай жөнелгенде, алғашқыда абалап екпіндей келген қабаған тәбет билей жөнеледі. Бұл би біраз уақытка созылса керек. Шаршаған ит құлайды. Қоңақтар ауылға келіп жайғасқаннан кейін біраз уақыттан соң ғана ит ауылға кетеді. Кейін ол ақынға үрмейтін болды, — дейді маған осы әңгімені айткан жез-қазғандық бір азамат.

«Ой ағысы» кітапшасында Сутемген Бұкіров те осындаі бір жағдайды Атбасар базарынан келтіреді. Осы жерде Тайжан ат ойынын көрсетіп жаткан орыс циркіне тап болады. Ол атын музыкамен билетіп, қызыққа батырып жа-тыр екен. Тайжекен аттың мұсінін, өнерін көріп, қатты қызығады. Бірақ, несісі оны сатпайды. Содан кейін ат несісін бәскеге шакырады.

— Егер мына атынды билете алсам, оны маған бересін бе? — дейді. Тайжанға сенімсіздік білдіріп, күмәнданып тұрған ат несі қоне кетеді. «Егер атты билете алмасан, осы аттың он бағасын сен бересін, билетсен атты аласын. Қоне көрсет ақшанды — дейді, Тайжанға. Екеуі келісе кетеді.

Сонымен ат несісінің тармонын алыш, сырнайады ойнай бастайды. Әуелі сырнайға саусақтарын үйретіп алыш, атты ортаға шығарады. Бірақ, орындалған әнге ат билей қой-

майды. Тіктен міз бакпайды. Біраз уақыт өткен соң Тайжан нағашысының аруағына сыйынып, Ыбырайдың «Гәккүйн» басады. Энді естісімен ойқастап жүрген ат бір сілкініп, Тайжанның жаңына жетіп келеді. Сырнайшы ән әуенін сзылтып жалғастыра түседі. Ақын да орнында отыра алмай тенселіп отыр, міне, осы бір сэтте ат та жайқалып билей жөнеледі. Жиналғандарда үн жок. Базар үстінде тек әсем саздың бұлбұлдай сайраған әдемі «Гәккү» әнімен билеген тұлпардың тұяғының дыбысы ғана естіліп түрдү. Халық риза болып сатырлата қол соғып жібереді. Ақын да сырнайын тоқтатады. Ат иесі женелді. Бірак, Тайжекен бұл атты ала алмайды. «Жалғыз күн көріп, наң тауып жүрген тұлпарым еді!» — деп жылағандай болғасын иесісіне тастап кетеді. Бұл ұлы ақынның қабылеті мен мейірімділігінің мол екенінің айқын айғағы. Осы әңгімені Өлмесек апамның аузынан талаң рет жүртқа жыр қылып айтып отырғанын естідім. Ондай аныздар аз емес еді.

Бала да болсам есімде қалған ақын бейнесі күні бүтінге дейін көз алдында тұрады. Тайжан суырып салма ақын, әнге қосып құлаштаї керіп тартқанда қара сырнайы жыртылып кетер ме екен деп ойлайтынбыз. Отырған жерінде өлеңді айтқан сайын даусы ашыла түседі де сөз нөсері асып төгіліп ән бұлағының көзі ашылғандай болатын. Өлең қызған кезде ақынның бойы біктеп тұлғаланып кеудесі кеніп, аруактанып кетеді. Тындаушыларын үйитып тастайды.

Тайжекең туралы материалдарды жинактай түсіп, оған катысты ел аузындағы аныз әңгімелердің аз емес екенін байқадық. Тайжекең айткан екен деп сөз басталады. Ол көпшіліктің ақынға деген құрметтеушілік сезімі, ақын жениндең ел аузындағы аныз болып жүрген әңгімелер онын үлкен өнер мен ақыл иесі болғанын анфартады. Соның бірі 1918 жылғы Ұлытау базарында болған жағдай. Базарға атақты арка өнірінің байлары Мейрам мен Бірәлі де келеді. Әдеттегідей Тайжекең сырнайын тартып, әнін шырқап қоя береді. Бүкіл халық сауданы тастап, әншінің маңайына жиналыш тарамай қояды. Жүрмей жаткан саудаға ыза болған Мейрам өзінің жігітін ақынға жіберіп:

— Оу, Тайжан мырзалар жіберді, базарымыз токтап сауда журмей қалды, әнді онаша тігілген үйге айтын, — дегізеді. Сонда акын:

— Мырзаларыңа сәлем айт. Мен әнімді казы-карта, жал-жая жел, жібек шапан киген байларға емес, халықка айтамын, — деген екен. Тағы бір есімде қалғаны Тайжекен өлеңді қызына да қызығып орындастын. Ән бастаған кезінде ақ ботаның көзіндегі, карапат мөлдір көздері ойнектап шыға келеді. Қасы да әнге қосылғандай болып карлығыштың канатында жайыла түседі. Ашық мандаіы мен шырайлы бетінен тері де ән мен жырға қосылғандай моншактап ағып отыратын. Өзіне ғана тән дауыс пен сырнаш үні бүкіл алемді өзіне шакырып тұратын сиякты көрінуші еді. Тындаушылар неғұрлым көп болса Тайжекенің шабыты мен қарқыны да үдей түседі. Ән орындағанда тындаушыларына бір қарал қойып:

Арындал аспанға өрлең әнгө бастым,  
Кытықтал ақ тамағын тау мен тастын.  
Осындаї ҳалқымменен бас қосқанда

Неше күн ән салсам да шаршамаспын, — дейтін, шынында да Тайжан өлеңменен шаршап шалдықкан жаң емес. Өлең оған күш, жігер, қуат беретін.

Ол таңғажайып өнерімен бірге ұлағатты өспет қалдырып кетті. Отырган жерде өлең арасында айтқандарының ішінен менің жадымда қалғаны мына бір бірен-саран өлеңдері.

Ер жігіттің айнымас үш серігі бар деуші еді. Біреуі өмірлік жары, екінші — мінген аты, үшінші — бұл ғұмырдан сүрінбей алып өтетін — парасатты ақылын.

Адамға тән алты асыл қасиет бар.  
Бірінші ұғымы, ойлы ететін зерде зейіні,  
Екінші — сені өрге сүйрейтін өнер өрісін.  
Үшінші — тек ілгері бастайтын талабың..  
Төртінші — ешқашан алдамайтын тапқыр ~~жыңың~~.

Бесінші — киындықта саналатын қайратын,  
Алтыншы — бәрінен күшті ететін білімін.

Эзі жас, еліне бас боларлық жігіттің үш асыл мінезі болады; біреуі — шашандыры, одан соң анқылдақ адальдыры, үшіншісі — қара қылды как жарған ақылдылыры.

Адамға аса қажет үш байлық бар:

— денсаулық,  
— бейнетқорлық,

— тірек болар дос-жаран, деген еді. Бұл сөзінің бүгінгі жастар үшін тәрбиелік мәні зор. Замандастарының берген бағасына қарағанда Тайжанның кұрбы күрдастарынан көрі еті тірі, қайраты мол, талабы таудай жігерлі адам болған; Осы қасиеттерді біз оның творчествосынан да байқай аламыз.

Менінше, акын дүниеге, мал-мұлікке қызықлаған. Байымен деген оның ойында да болмаған. Өзі үсталған жылы өз үйінде қалған малы екі кой, бір ешкі еді. Осы жағдайды Тайжекен былайша өлеңмен баяндайды:

Байлардан атан да алдым, шапан да алдым,  
Ақшаны жүздей алып катарладым.  
Табиғат сондай өнер берсе-дағы,  
Бай болып, ел-жұртъыма атанбадым.  
Қат-қабат табысымды елге бөліп беріп,  
Белгілі жомарт Тайжан атанғаным.

Мен ақынның талай ел аралап жүріп ат мінгенін де көріп едім. Бірақ, сол ат сол адамда қалатын еді, немесе алғанын нашарлау деген біреуге сыйлап кететін еді.

Алтайға барған сапарындаға сыйға ат пеш атан, шапан мен ішік, акша мен талай күрмет көреді, бірақ оны былай деп жырлайды:

Алсам да осыншама мол қазына  
Ешкімнің қалмаймын ғой мазғына.  
Келген соң Тайжекене деп мені ағалап,  
Өзімнің үlestірдім қазағыма.

Міне, Тайжан ақын осындай болатын. Біз маусым айының бас кезінде 1937 жылы Айыртаудан Қарсақбайға қарай бүкіл ауыл болып бір түрлі кимайтындей, жылы жұрбен, өлең думанмен шығарып салып едік. Сөйтсек бұл біздің ақынға сонғы кездесіп шығарып салуымыз екен. Содан бері жарты ғасырдан аса уакыт өтті. Ақынмен өткізгендегі күндер күні бүтінгідей көз алдымда.

## ТАЙЖАН МӘСКЕУДЕГІ ОНҚҮНДІКТЕ

Қазакстанның Мәскеуде өткен бірінші онкүндігінде Тайжанның есімі Сәкен мен Ілияс, Бейімбет, Мұхтар мән Сабит, Жамбыл мен Кенениң есімдерімен бірге тұрды, қатар бағаланды.

Мәскеуде 17 мамырда ашылған казақ мәдениетінің оң құндығын өлеңмен ашу құрметіне ие болған ақын Тайжекен, кейбір басылымдарда оны Нартай ашты деген әнгімелер айтылып жүр. Ол Тайжекен ұсталған кезде шыккан әнгіме болуы керек. Бірақ, «Правда» газеті Тайжекеннің атын жазған.

1936 жылы Алматыда өткізілген халық өнерпаздарының екінші слетіне тағы да катынасады. Бірінші слеті 1934 жылды өткен болатын-ды. Осы сапарында Тайжекен Мәскеуде болатын казақ өнерінің онкүндігіне жолдама алды. Бұл ақын үшін үлкен құрмет еді. Мәскеуде Тайжекен өзі тұстаған өнер санлактарымен бірге болып, астанамен барынша толық танысты. Ленин мавзолейінде болып, өзінің белгілі «Мавзолейде» атты өлеңін жазды: Мәскеуде болған кезінде Тайжан үшін есте каларлық сэттердің бірі әйгілі музыка зерттеушісі А. В. Затаевиң пен кездесу еді. Бұл жолы Александр Викторович Тайжекеннен көптеген халық әндерімен коса, өзінің «Әғугай», «Қөкем-ай», «Тайжан әнін» де жазып алып нотаға түсіреді. Бірнеше әнімен күйтабактар да жазылады. А. Затаевиң «Қазактың 1000 әні» деген кітабында Тайжан туралы деректі мәліметтерді де жазады. Осы сапарында әнші-ақын көп нәрсені қөніліне түйіп мәртебесі

көтерілді. Көптеген өлеңдері, суреттері «Правда», «Извес-  
тия» газеттеріне басылып шығады.

Қазақ өнерінің өкілдерін бүкіл Мәскеу болып көнілді оркестрмен, Қызыл жалаумен, жұпар істі гүлдермен карсы алды, жылы күттыхтау сөздер достық жағдайда ыстық ықылас пен естен кеппестей болып айтылып жатты.

Тайжекен: «Мәскеуде болғанымызда күн сайын ертемен «Правда», «Кешкі Мәскеу» сиякты бірсыныра газеттерді алып тұрдык. Оларға біздің жырларымыз суреттеріміз жарниланып, тұрды» — деп әңгімеледі еліне кайтып оралғанда. Шынында олар туралы жазылған материалдар аз болған жок. Бүкіл Одак радиосы қазақ әндере мен күйлерін орындаپ жатты. Ақындар Мавзолейде, Кремльде болды. Метромен аралап бүкіл Мәскеумен танысты, театрларды аралады. Мемлекет, ғылым, өнер кайраткерлерімен кездесті.

«Правда» газетінің 1936 жылғы 26 мамырдағы санында: «Одак жазушылар үйінде казақ әдебиетінің кеші өтеді. Онда Тоқжанов, И. Жансүгіров, С. Мұқанов, С. Сейфуллиндердің жұртшылықпен кездесуі болады. Қазактың халық ақындарының, Жамбыл мен Тайжанның өлеңдері оқылады. Кеш сонында өнер кайраткерлерінің концерті болады, деп хабарлама жазылыпты.

Тайжанның сол онкүндікте катысушылардың арасында оның өзге халық ақындарынан олдекайда шоқтығы биік болғандығын дәлелдейді, — деп текке жазбаған белгілі ақын Жайық Бектүров. Оның тағы бір дәлелді басқа ақындардан ерекше бөліп Тайжанға Құрмет грамотасын тапсыруда Михаил Иванович Калининиң оның аркасынан қағып ерекше еркелетуі, көңіл аударуы. Қазақстанның белгілі аудармашысы К. Алтайский Мәскеуден қайтқаннан кейін Тайжекеннің көптеген өлеңдерін орыс, Украина, Белорус тағы басқа тілдерге аударып елімізге танымал етеді. Осы сапарын өлең жырга косқан ол:

Мен кайттым осы жылда Мәскеу барып,  
Жамбылға конған екен өлең дарып,  
Жібердім күйкылжытып мен Гәккуді,  
Алдына халқымның домбыра алыш.  
Жауырынан Калинин қаққанында,  
Езіліп қоя берді-ау денем балқып,  
Солардың бел баласы секілденіп.

Мактандым өз өзімнег солай шалқып, — деп асташадан кейінгі көніл өте көтерінкі екенін білдіреді. Бұқілодактық староста Калининде алған сиын айта кетеді. Тарғы да бір жерде акын:

Мен Тайжан Мәскеуде де Гәккулеттім,  
Бас ніп Мавзолейге тағым еттім.  
Иман жүзін көргенде көсемімнің  
Тұла бойым елжіреп балқып кеттім.  
Әнім бар «сақ-сақ» деген баға жетпес  
Әйгілі Гәкку әнге болар тендес.  
Мәскеуде онқундікте сахна ашып  
Құрдас көсем Сталинмен болдым, дәмдес.  
Паш еттім көсемдерге өнерімді  
Мадактаң мысты өнірді жерлерімді  
Лауладым жанған оттай дауылдағы  
Білмедім қандай күні сөнерімді, — деген екен  
Тайжекен күтіп алған жерлестеріне.

Осы онқундіктің корытындылары бойынша Тайжан Қалмағанбетов Бұқілодактықтароста М. И. Калининнің колынан СССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасын алыш кайтты. Акын бұл сапарын тамашалап Ұлытау, Қарасақбайды да тамаша жыр-аныз қылыш халқына әнгімелеп отырғанын естідім

Тайжан Мәскеуде сырнайға косып ерекше шабытпен өнер көрсетті. Ол өзінің орындаушылық шеберлігі мен әдемі дауысы мен астана тындаушыларына үнап, дән риза қылады. Оның өнерін мәскеуліктер жоғары бағалайды.

Сол жылдары «Правда» газеті Тайжанның ән шырқауының си-  
рек кездесетін сүйкімді сазымен, әртістік қасиетімен көзге  
ерекше түсті», деп жазды.

Сол жолы атақ алдым жақсы сөзбен,  
Кызықтың тамашасын көзім көрген.  
Мәскеуден бәйгे алып қайттым елге,  
Сұнгіген айдын көлге қоңыр қазбен  
Ойласам соның бері бір тамаша,  
Сонысын қондым үшүп биік белге, — деп мактан  
етеді Мәскеу сапарын. Сарқылмас жыр бұлағынан қанып  
ішкендей Мәскеу сапарынан кейін Тайжан ақындығының  
тың арнасы ашылады.

## ТАЙЖАН ТВОРЧЕСТВОСЫ

Акын творчество сан алуан. Зерттеушілердің айтуына  
карағанда Тайжан әні кең күлашты, лирикасы терең сыр-  
лы шығармалар. Ол ел аралап, жәрменкелерде ән салып,  
асқақ та уитты жырларымен тыңдаушылардың күлақ құ-  
рышын кандырған ақын. Ол әншілігімен катар тамаша  
сазгер, Тайжан домбыра мен сырнайды, кобыз бен сыйыз-  
ғыны ойната білген импровизатор, жыршы, әнші. Оның бері  
Үкілі Ұбырайдан дарыған болса керек. Бұл жөнінде ақын  
К. Салықов:

Шығарды Шу мен Сырда, Арқада атын,  
Көрген жан кереметтей таң қалатын.  
Жел тұрса қаулай түсер атикалындай.  
Топ көрсе қыза түсер арқалы ақын, — деуі тегін  
емес. Тайжан шығармашылығының дәл айтылған әділ ба-  
ғасы.

Ақынның сазгерлік өнері де кем емес. Талай Тайжан  
әні деген нотаға түскен, құйтабаққа жазылған өлеңдері де  
бар. «Қазактың 1000 өлеңі» деген А. В. Затаевичтің кіта-  
бында да Тайжекенің әндері бар.

Астандым бала жастан Тайжан ақын,  
Ән-жырмен алты алашқа жайған атын.

Төгілген сырнайымның сазды үніне  
Қалыктай аспанға акку айналатын, — деп жырлауы  
оның әнімен бүкіл еліне танымал болғанының тағы бір дә-  
лелі.

Тайжан өлең-жырларды алдын-ала жазып, жаттап алу-  
ды әдет етпеген. Өмір бойы сұрып салма, импровизатор  
акындығынан танбаған. Тайжан сегіз қырлы өнерпаз, жан-  
жақты орындаушы, дауысы күшті, сырлы шығармаларының  
көркемдік бояуы ашық, әдемі.

Алғашқы туындыларында патша үкіметіне карсы халық  
наразылығын, бостандық жолын жырлайды. 1916 жылы  
аркада өріс алған ұлт азаттық көтерілістің, Аманкелді ба-  
тырды жырлап, өлеңдеріне арқау етеді. Қазак ақындары-  
ның ішінде оның бейнесін алғашқы жырмен өріп толғаған  
да осы Тайжан ақын еді.

Атанды Аманкелді алтын орда,  
Тұсken соң беті тұзу тұра жолға.  
Бақыты арта берсін күннен-күнге,  
Ұранын бостандықтың алды колға, — деп жырлады  
акын батырды.

Аманкелді Иманов пен Қарсакбай—Байқоныр жерінде  
кездесуі Тайжанның қоғамға деген әлеуметтік қозқарасы-  
ның өзгеруіне зор әсер етті. Осы сәттен бастап ел бай бо-  
лыстарға бетпе-бет келуіне жол ашылып, тайсалмай қарсы-  
ласа алды. Осы уақыттағы өлеңдері жаңа қоғамның таян-  
ғанын сезгендей жырлайды. Аманкелді батыр мен Тайжан  
акынның арасында достықтың нышаны белгілі бола бастай-  
ды. Батырға арналған көптеген өлеңдерін шығарып, халықты  
Аманкелді туынның астына топтасуға шакырды. Елін үгіттей алады. Сөйтіп, Тайжекен халық азаттығы көтерілі-  
сінің жаршысына айналды. Ақын Тайжан өз мүмкіндігінше  
халық азаттық көтерілісіне кол ұшын бере алды. Тайжан өзінің айбынды жырларымен халықтың жауынгершілік ру-  
хына дем берді.

Бірнеше өлеңі Ерденге, оның баласы Махатка арналады. Кеңес үкіметіне дейінгі өлендерінің тақырыбы — бай мырзаның, би болыстың, кожа молданың зорлық-зомбылығы, құлық-сұмдығы, жарлы-жашының, кедей малишының азыры еңбегі, азапты өмірі өлендеріне арқау болады.

Ал, революциядан кейін жаңа заманды терең түсініп, жақсы мен жаманды уақытылы ажыратады, кандаушыға қас кедейге дос етіп жырлайтын өлендерін шығара бастайды. Бұл жаңа дәуір акын туындыларына, оның творчествосына жаңа тақырып, жаңа мазмұн мен жігер әкеледі. Акын жаңа заманның әрбір күнін ескі дәуірмен салыстырып отырды. Ел билігі калың бұқара қолына қошкенін жырлай бастайды. Осы жылдары акынның көптеген арнау өлендері де шыгады.

Партия, социалистік құрылым, жаңа дәуірдің салт дәстүрі, өмірдің өскелен өрсі ақынға тақырып бола алды. Қазақ ақындарының ішінде Ленин мавзолейінде болған, оған арнап жыр шығарды. Бұл 1936 жыл Тайжанның астанадағы онкүндікке катысадан жолы туған жыр. Осы сапар акын шығармашылығына канат бітіріп, жігер береді, творчестволық өрлеумен оралады. Ленинге деген маҳаббаты дами түседі. Сол туындыларға тоқтай кетуді жөн көрдік. Ленин — дана деген өлеңінде:

Енбекші елді жеткізген Ленин — дана  
Ленин сынды кеменгер туды дара — деп келтіреді.  
Бұл өлеңің әуені де бар.

Колхозға бір кісідей кірейік біз,  
Октябрь еркіндігін сүйейік біз.  
Жаңа өмір. Жаңа заман кедейдікі,  
Октябрь құдіретін білейік біз, — деген «Октябрь құдіреті» деген өлеңінде шаруаларды колхоз шаруашылығына топтасуды үгіттей келе, революцияның әперген тендігі

мен бостандығын жырлайды. «Дәм алдым сонда салқын-  
дап» деген поэмасында өткен заманды:

Зар шеккен заманда,  
Су берmedі шалқар көл.  
Асу бермей мұнарбел  
Ішіме толды канды шер — десе, жаңа заманға сай:

... Жердің беті түрленіп,  
Қызғалдақ гүл, жапырақ  
Жауғандай нөсер қарқындал  
Советтік заман бағында.  
Ленин туы астында

Дем алармын сонда салқындал — деп жырлады  
акын, екі заманды бірімен бірін салыстыра келіп. Осы кез-  
де «Октябрь женсі», «Мен кайттым Мәскеу барып», т. б.  
уақыт талабына сай өлеңдерін шығарады.

Тайжекең тарихшы, арка шежіресін өте жақсы біліп,  
оны таратып тындаушыларға жеткізіп отырды. Сол кездегі  
арка мен Сыр бойының танымал азаматтарын жақсы біл-  
ген. Оған Қалманбайға деген ақынның туындысы күэ бола  
алады. Қалманбай өз дәүіріндегі өте әйгілі адамның бірі  
болған. Ол жөніндегі деректерді Әбділда Тәжібаев өз есте-  
ліктерінде келтіреді. Қалманбай орыс патшасының қабыл-  
дауында болып, өз еңбегіне сай сый-сияптын алған. Әбділ-  
да Қалманбайды патшадан медаль алды десе, Тайжан са-  
рат алды деп келтіреді. Романовтардың әuletінің таққа  
отырғанына 300 жыл толуына байланысты Қалманбай осы  
жерден Петерборға тірі жолбарысты апарып сыйлаған. Не  
деген шын берілгендік.

Тайжан өз өлеңінде: «Данқынды дүние жүзі түгел біл-  
ген» деп келтіреді, Қалманбайға деген туындысында.

Қалманбай Жезқазған төңірегінде туып өскен. Бағана-  
лының Сары руынан тарайды, Қараабалаға жатады. Од кісі-  
нің үрпағы осы күнге дейін Жезді ауданында тұрып жатыр.  
Немересі Қалманбаев Құрмет «Жетіқоныр» кеншарында

адам жанының сакшысы болып көп жылдар бойы еңбек етіп келеді.

Тайжан әзіл-оспак, калжың туындыларды да көп айткан. Бір жыл ол Коянды жәрменкесінде жиналғандарға ән салып, жыр толғап, күй шертеді. Соның ішінен казақшаны таза білетін бір орыс ақынға:

— Мені мактаң өлең шығаршы, — дейді.

Баласы Петрейдің Андрейісін,  
Шошқаның жиренбей-ақ етін жейсін.  
Дозактың ортасынан орын алып,

Құдайдан бұдан артық не тілейсің! — деген екен Андрейге Тайжекен. Оған жәрменкеге жиналған халық мәз болып бір күліп калады. Осы өленді тыңдаپ тұрған еріккен тағы біреу:

— Мұхамбет наїғамбар менен аумайтын көрінеді — дейді, әнгімені калжыңға айналдырып. Оған іркілмеген Тайжекен:

Мұхамбет алла досы пайғамбарды,  
Пайғамбарды көрген жок жүрттың бөрі  
Сипаты пайғамбардың сендей ме екен,  
Орақ мұрын, шегір көз, акшыл сары—депті.

Жәрменкедегілер ақын жауабына риза болады, Ол көрмендерін құлдіре де, қуанта да білген.

Ақын өз шығармаларында бейнелеу құралдарын да көнінен қолданды. Оның творчествосында әсірелеу, салыстыру, тенеу әдістері әдемі де, өз ретімен қолданылғанын байқаймыз. Оның барлық өлендері өмірмен тығыз байланысты. Құнделікті өмір құбылысын адам тіршілігіндегі жырлайды. Өлендерінің тілі өткір, сөздік коры мол.

Тайжан репертуары өте бай, оның ішінде өзіне тән толраулары да бар, әр кездегі саяси өмірге уақытында үн қоса білді.

Тау бүркітіндей қияға самғаған ақын өзінің құдіретті әнімен, асқақ әуенімен, жайдары мінезімен сол кездегі халқының ауыр тұрмысын күйкі тіршілігін жырлады. Ол бай, екі жүзді паракор қызметкерлерді сынап, бет пердесін ашты, ауылдың шолақ белсенділерін мінеді. Кенес үкіметі орнағанда:

Бақ дәулет ерікті заман келді басқа,

Бостандық тиді кедей қарындасқа... — деген ақын күнған ішкі сезімін білдіреді. Өз арнауларын Тайжан Эліби Жанкелдинге, Сәкен Сейфуллинге, алғаш стахановшылар қозғалысының майталмандарына, ауыр өндіріс комиссары Серго Орджоникидзеге, Конституцияға арнап өлең толғаулырын жазады. Олардың көбі орыс тіліне аударылып, орталық басылымдарда жарияланды. Оның «Ақынға» деген өлеңі Александр Сергеевич Пушкиннің 100 жылдығына арналған тойына шығарылған.

Улгі берген жастарға  
Ақынның Пушкин данасы  
Қөнілінең қайнай іңкәрдай  
Жазылған сөздің сарасы

Бүгін жырлап сені отыр  
Қазактың Тайжан карты да — делінген онда.

Ақынның «Серго» деген толғауы Қаныш Сәтбаевтың сұрауы бойынша, оның үлкен Жезқазғанды дамыту жолындағы жасаған қамкорлығына, жez дариясының болашағына арнаған. Одан кала берді геолог Қанышқа Қарағанды мен Жезқазғанға, жастар мен пионерлерге жазылған жырлары да аз емес.

Тайжан туындыларын, орыс тіліне аударғандар К. Алтайский мен М. Кузнецов болатын. Олар Мавзолейде, Жанды су, Мыс туралы аныз, Қарсақбай т. б. өлеңдерін аударды. Бірнеше әуендері К. А. Затаевичтің «Қазақ энде-

рі» жинағына кіріп, осы күнге дейін ел арасында орында-лып жүр. Ақын өзінің тасқын жырымен, дарынды әнімен халқын сусындаатты.

Оның дауыс ырғағы құлакка конымды, әуені әсерлі де мөлдір, көшілік оның әнін үйіп тындаіттын. Ол әр уақытта тындаушысын сүйсіндіре білді. Әсем әнімен коса тындаушыларын еліктіріп, баурап әкететін. Тартымды кимыл, құбылысы мен әртістік қасиеті жеткілікті болатын. Тайжан калың топтың алдында өлеңді еркін орындаіттың, көшілікті бірден сүйсіндіретін сұлу дауысымен, сүйкімді бейнесімен, сырнаіймен желдеі есіп отыратын ақын өлеңмен үздіксіз шабатын түлпар сияқты болатын. Тайжан сазгер бір езі бір театрдың өнерін көрсете білген.

Аспан айналып жерге түскен катты ыстықтарда да, қақыраған карлы аяздарда да, ақын ел арасында өз өнерін көрсетті. Ақын онымен коса отырған жерінде солмастай, сөнбестей асыл сөздерді де айтып отыратын.

«Ақынның ойы теніздей терең еді» — дейді оның замандастары. Ол сан алуан жүйріктен шықкан сәйгүлік сияқты еді. Қыны-қыстау заманың қыспағына төтеп беріп, үрпаққа қалдырған қымбат мұрасын еліміз орынды бағалайды. Оның мұрасы үрпактан үрпаққа тарағ, уақыт өткен сайын Тайжанның ел ішіндегі мерей, мәртебесің биіктей түседі. Ақын асқар таудың алышындаи, арқа өнірінің мақтандышы ардактысы болып келеді.

Бұрынғыны айтпай, кейінгі еске түспейді, — дегендең. Тайжанның биіктігін білу үшін әлі де ол айтыла береді. Оның өмірі мен өнері көп, тәлім-тәрбие береді.

Соның ең негізгісі — өзінің қыска өмірінде халқына калтқысыз қызмет еткені. Тайжан театры мен сахнасы жок, көшпелі өмір кешкен, халқына асқақ даусымен, өткір көркем сөзімен рухани ләззат берген көп кырлы, бір сырлы дауыллаз. Оның негізгі өнер мектебі — еліміздің ауыз әдебнеті, өткен ғасырдың ақын-алыптары мен әнші сазгерлері. Олар — Орынбай мен Кемпірбай, Сүйінбай мен Үкілі Үбы-

рай, Біржан сал мен Акан сері т. б. Тайжанды зерттеушілер жас Тайжанның шабытына, оның ақындық дарынына киелі Ұлытау өнірінің сарқырап аккан күміс бұлағы, жасыл жапырақ жамылған ақ кайыны ақынның шығармашылдығына әсерін тигізіп, ықпал етті, деуінде де сыр бар. Қай жерде жүрсе де Ұлытау өзінің ұлылығымен ақынға қуат берді. Ол туралы ақын:

Сағындым Қішітауымды,  
Сағындым Ұлытауды,  
Сағындым туған бауырымды.

Сағындым қайран ауылымды, — деп жырлайды басқа жерлерде болғанда ел аралап жүргенде. Ақынның творчествосының ең биік сатысы Мәскеудегі онкүндік болады. Ол жолы шығарған өлеңдері бір топ болып шоғырланады. Мәскеуге барған алғашкы кундерінің біріне Ленин мавзолейінде болып алғашкы астаналық туындысын шығарады.

Еңбекші елдің панасы,  
Білімі аккан теніздей,  
Шалқып толған шарасы,  
Жатқан жерінді көргенде,  
Тұла бойым елжіреп,  
Жазылды жүрек жарасы, — деп ақын Ленинді жырлады. Сол кездегі уақыт өлшемімен алғанда бұл керемет дананың аузынан шығатын сөз.

Тайжекенің арнауларының ішінде Нұртайға деген арнауы бар. Біріншісі сол өнірдегі өскен катыгез, саран бай болады. Оның ешкімге кайыры жоқ, кол ұшын бермейді. Конак қабылдағ үйіне түсірмек түгіл бүкіл ауылға жібермейтін болады. Ол үшін қолына қасқыр тәріздес, қабаған, елге бірде-бір адамды кіргізбейтін тәбет итті ұстайды. Және оның капкан жерінің уыты бар ма, жарасы жазылмай асқынатын болады. Иттің иесімен қосылып жәбірлемеген адамы калмайды. Сондықтан ол тәбетке ауыл адамдары «Шайтан» деп ат қойған. Бір күні осы өнірге батыр Аманкелді келгенде, зардан шеккен жандар осы жағдайды Аманкелді-

ге айтып, мұнын шағады. Нұртай ауылына қарай өтіп бара жатқанда жаңағы төбет ит батырға қарай үмтыйлады. Шапшып шамданған итті Аманкелді мойнынан ат үстінде тұрып қылқындырып үстап алып, жағын айырып, қансыратып екі бүктеп лактырып жібереді. Осы жағдайдан кейін өзі де соралап отырған ауыл кедейлері бір дем алып, тыныстағандай болады. Тайжекениң «Шайтанға» деген туындысы осы жолы шығарылған көрінеді.

Көргенде Аманкелді батырды да,  
Тістенді, атылды бір айбат қылып.  
Сәл ғана жымиды да батыр бұған  
Төбеттің алды дағы алқымынан  
Айырып жағын мықтап лактырады.  
Тұрмады сол жатқаннан ит антүрған,  
Керек кой итке солай ит өлімі  
Болмайды жөнсіз деуге мұлдем мұны  
Нұртайдың өзі сөйтіл өлседеғи  
Іттен артық болмас оның күні — десің өте өткір,  
бағалы айткан. Оған елі риза болған.

Тайжан туындыларын екі кезенге бөлуге болады. Біріншісі революцияға дейінгі кезең, екіншісі (күрделі кезең) жана заман уақытында шығарылған өлең-жырлары. Қай уақытта болмасын Тайжанды шын мәнінде айтыс ақыны деп айта аламыз. Кезегі келіп, намыска басатын жерде ақындық өнерін жарқылдата көрсетіп, жас шағынан бастап айтыска құлышина түсіп жүрді. Қекше сапарында алғашкы айтыстарының бірі болып нағашысы Үкілі Ыбыраймен де айтысты, оның бір жерінде Тайжан:

Ей, нағашы шындағың,  
Ақылынды тындадым.  
Айттар сөзді айта алмай,

Әдеттен шек қалмадым — деп. Тайжан нағашысымен айтысканда тыс кетпей, әдеп сактап отырғанын айта келе, кей жерде ойын-қалжынын араластырып, еркелігін де калдырмаі айтыс өлеңіне косады. Екеуінің айтысы өте тәртіпті, маңзы да дәмді. Айтысқа түсіп жүрген ол өзінің

өлең сөздің дүлдүлі, әсем әннің бұлбұлы екенін танытады. Айтыспен аты шыға бастайды. Ол, Нартай, Қазанғап, Орынбай, Үмбетәлі. Қерімбай секілді ақ иық ақындарды айтыста тізе бүктірген, шашасына шаң жұқтырмайтын жүйрік ақын болды. Өзінің жерлестері және тетелес інілері Болманмен, Нұрғалимен, Иманжанмен талаї кездесіп, айтыска түскен. Оның көптеген айтыстары әлі күнгө дейін жинастырылмай ел аузында жүр.

Тайжекенің жеті ақынмен айтысы деген үзак жыры да бар. Бірақ, оның айтыстарының көбі әсіресе. Сыр бойындағы кездесулері біздің арқа жеріне жетпеген, Тайжан таланты осы жеті айтыста жатыр деп корытындылайды, кейір Тайжан енбегін зерттеушілер. Әсіресе, онтүстікте Түркістан, Арыс, Шымкент, Қаратай, Арал жерлерінде барғанда көптеген жерігілікті ақындармен айтысып женіске жетеді. Эйелмен айтысатыны осы жерлерде болатын,

1914 жылы алғашқылардың біреуі болып Тайжекен Қожабайдың Болманымен айтыска түседі. Мұнда ол сұрып салма айтыс ақыны, өзекті өнер несі екенін көреміз. Әрбір кездесулерінде:

«Жатсам да Ұлытауда бір ұлынмын,

Сыртыннан намысынды намыстаған», — деп тұған жер намысын қай жерде болмасын корғаї алатынын сездіреді. Болман ақынға:

Бұл ағап бой бермейді, күш бермейді,

Көрген жок жан жармасып жағасына, — деп өз күшін көрсетеді, оған Болекен:

Тайжекен құнаннан да аттан озған,

Болсан да ардагер бол топтан озған.

Бал міnez Қожабайдың баласымен

Мен дағы жүрмін озып қалын колдан — деп бүгілмей жауап береді. Тайжан Нұрғалидан он жастай үлкен болатын. Олар аға мен іні, нағашы мен жиен, киелі Ұлы-

таудың тұлектері ретінде бірін-бірі қатты күрметтеп, сыйласып өтті.

Тайжан мен Нұрғали Итембаевтың айтыстары үш рет өтеді. Бірінші айтысы 1927 жылы болды. Ол Тайжанның Сыр бойынан көшіп қайта оралған кезі болатын. Айтыс Ұлытауға таяу жердегі Нұрғали ауылында өтеді. Айтыс қорытындысы бойынша Тайжекең Нұрғалиға батасын беріп, кол алдысып айтысты ризашылықпен аяқтайды. Айтыстың бір жерінде Нұрғали:

Он бесінде белсеніп тоғға түсіп,  
Ат арбаша тілінмен дөнгеледің, — дейді Тайжанға.  
Оның бала жасынан ақындыққа шұғылданғанын көрсетеді.

Екінші кездесуі 1932 жылы көкек айында өтеді. Нұрғалидың астына мініп жүрген аты жоғалып, жеті күн ізден шаршап-шалдырып үйіне оралған кезі еken. Екеуі өлеммен амандық сурасып жағдайларын біріне-бірі өлең арқылы жеткізеді. Нұрғали да өлеммен жауап береді. 1932-34 жылдардың арасында Тайжан Сыр бойына екінші рет көшіп кетеді. Ол кезде Нұрғали ауырып жүрген кезі болатын. Кездесу Қарсақбай қалашығында өтеді. «Ерекше тудың Тайже-ке-ау» — деп Нұрғалидың жырлары ағасына берген батасы еді.

Жоғарыда айткандағы Тайжан такырыбы сан алуан. «Қиыннан кисынын тауып жырлайды, жазғандары журекке конымды. Әсіресе, оны өзі әуенімен орындағанда орындалған өлемнің бағасы одан да құнарлана, құлпыра түседі. Жезқазған жерінің кешегісін жырлай келе ақын:

Біздің жер Қу шөл еді курап тұрған,  
Күн борап, қасқыр ұлып шулап жатқан.  
Жапалак үшпайтұғын жапан дала  
Кебетін түкірігің аңызактан, — деген өлең жырлары, бұдан бірнеше ғасыр бойы жырлаған Қарсақбай жөніндегі Асанқайғының пікірімен ұштасады. Онда ол:

Қарсакбайдын шөлі анызак,  
Ұшатын күсы көкек.  
Шығатын шөбі көкпек, — деп корытқан Тайжан, Ғазиз ақынды тежеп айткан туындысында:

Аркадагы Нәйманның жүйрігімін,  
Аралап әрбір жерде сөз қалдырган — дейді ақын  
өзі туралы.

Тайжекен жөнінде замандастары мен кейінгі үрпакта-  
рының жырлаған толғаулары аз емес. Солардың бірі Тай-  
жанның жұз жылдық торқалы тоғында жерлесіміз жезді-  
лік карт ақын Әжнапар Балқанов шығарған аринауы бар.

Ол:

Құрметпен атап ел бүгін  
Тойлайды ақын жұз жылын  
Өнерлі жүйрік дүлдүлін  
Дауыс, әнші бұлбұлын.  
Елді аузына каратып  
Ән жырдың кенін қопарды  
Бұлбұлы едің елімнін  
Қемейден жыры төгілген.  
Әмірің сенің өлең-жыр,  
Бізбен бірге нұр бол күл,  
Сен өлсөң де өлмейтін,  
Елінде қалды терең жыр,  
Жерімде туған түлексің,  
Елінді әнге бөлейсің, — деп толғаған еді.

Тайжанның 110 жылдық тоғына толғау өлеңімен шашу  
шашқан Қазақстанның халық ақыны көкшетаулық Көкен  
Шәкенов:

Саңлағы Сарыарқаның ақын Тайжан,  
Бата алған онбесінде Ыбырайдан, — дей келіп,

Тайжекең казак жерін аралаған,  
Өзінің заманында саналы адам.  
Ленинге сол кездері жыр арнаған.  
Байқасаң ең казактан шамалы адам.  
Жыр арнап Қарағанды, Қарсақбайға.  
Қөз салған жаңа күрылтыс әрбір жайға  
Сергоны Орджоникидзе құрметтеген,  
Қазакта дәл осындаі ақын қайда? — деген еді.

Арканың алып ақынының өмір жолын, көркем бейнесіндең кыры мен сырын белгілі ақын Кәкімбек Салыков «Ақын Тайжан поэмасы» арқылы жасаі алды. Бұл поэма Тайжекеңнің ақындық құдіретін танытатын, әншілік асқақ даусын еліне бар даусымен естіртетін әдеби туынды. Поэма Тайжан таланттына сомдал соғылған өмірлік ескерткіш, биік мұнара. Кәкімбек өзінің лирикалық поэмасында:

Перзенті Ұлытаудың ақын Тайжан,  
Асқақ эн  
Аталы сөз атын жайған  
Ой мен кыр  
Көкше мен Сыр  
Қарсы алатын  
Думан тої, жүрген жері сауық сайран.  
Айқындар ақындықтын мағанасын  
Тайжекең алмас тұяқ нағыз асыл  
Әрі әнші, әрі ақын, әрі өнерплаз,  
Даланың ашқан дербес сахнасын — деп бастайды

да:

Сұлу мұрт, қызыл шырай, кең қабакты,  
Жез көмей, қара сырнай кез канатты  
Айтканы доска кару, жауға үрей,  
Атағын казагына тез таратты — деп сипаттайды.  
Сезімтал тіл табысар дала гүлмен  
Жүйріктің жүйрігі еді  
Сайыстарда  
Тізгінің тенестірмей дара жүрген — деп Тайжекең  
даралығы мен даналығын жырлайды.

Одан әрі ақынның өмірі мен балалық шағы, нағашысынан бата алған сапары туралы сыр шертеді. Жалғызтау онірін жырлайды. Тайжанды баулып жүріп Ыбырай «Гәккү әннің» шығу тарихымен лирикалық інзік сезімінің де сырын айтады. Тайжекен де Ұлытауда қалған. Өзінін ойында жүрген сырын, сезімін актарады нағашысина.

Өнеге сабак алдым ақындыққа,  
Ақындық келеді екен батылдыққа,  
Өлең алдым татырлық жакындыққа,  
Жиен жолы жиенде татырлыққа, — деп Кәкімбек Тайжан сапарын корытындылайды, Еліне қайтыш келгенде Тайжан:

Мен келдім Бағаналы, Балталыға,  
Ел шетін көріп шерім таркады ма.  
Ұлынмын сәлемін ал, Ұлытауым,  
Күшак жай Айыртаудай алкабы да, — деп ол тұран елімен ағайын—туысмен амандасады.

Тайжан туындыларын талдай, келе, ол үлкен дарын иесі дегім келеді. Ол өте батыл, орак тілді, өткір уытты, ақын, уакытында халық қамкоршысы, қалқаны болды.

Ол төрелердің, бай манаптардың, би-болыстардың ишан, молдалардың ішіндегі халыққа жағымсыз надандарын көркем, өткір тілмен әшкерелеп, түйрәй білді.

Тайжан өмірдің ашы-түщісін көп көріп, халық университетінен өткен адам. Ақындықты өзі ғана үйреніп, койған жок, замандастарын да ақындыққа үйретіп, өзінің сонынан ерте алды. Олар үшін Тайжан алтыннан қымбат, балдан тәтті еді. Тайжан елінің рухани сарқылмас казынасының үрпағына елмес асыл мұра қалдырды. Ұақыт өткен сайын ол мұраның күны күн сайын арта береді.

«Литературная критика» ның 1937 жылғы нөмірі бесінші санында белгілі аудармашы, әрі жазушы Константин Алтайский Советтік Қазақстанның ақындары деген макаласында Тайжанның аскан ақындығын айта келіп, өлендерін

баска да көп тілге аударғанын тілге тиек етті. Тайжанның көптеген өлеңдерін баска тілге аударуға А. Брагин мен П. Кузнецовтың да еңбектері зор.

Демек, Тайжан туралы зерттеу жұмыстары, жазылатын туындылар өз кезегін күттеде. Оның еңбегі әлі игерілмеген тың сиякты.

Ақылы алғыр, көңілі жүйрік, көзі көреген, жүргегі сезімтал, Тайжан ақын туралы қандаң да болмасын шығармалар ақынды оқырмандарға таныстырып, жакындаты түседі. Оны жерлестері үлкен қуанышпен құшағын жайып карсы алады.

Жәзқазған, 2000 жыл.

## **М А З М Ұ Н Ы :**

1. Ақын туралы сөз. А. Каражігітов	2
2. Тайжан — көргендердің көзімен	5
3. Ақынның өмір жолы	7
4. Тайжанның Үкілі Ұбырайдан бата алуы	15
5. Тайжанның Ақмешітке сапары	20
6. Ақын жөніндегі есімдегілер	23
7. Тайжан Мәскеудегі онкүндікте	31
8. Тайжан творчествоосы	34

**Әмірбек МҰҚАНҰЛЫ  
ТАЛАЙДЫ ТАНДАНДЫРҒАН  
ТАЙЖАН АҚЫН**

Редакторы А. ҚАРАЖІГІТОВ

Техникалық редакторы Л. ПОНОМАРЕНКО

Суретшісі К. ЖАНЫСБАЕВ

Корректоры Ж. МАҚАТОВА

Теруге берілді 15. V. 2000 ж. Қол койылды 24. V.  
2000 ж. Қалыбы 60x84. Қағазы газеттік. Гарнитурасты Әде-  
би. Шартты баспа табағы 3. Есепке алынған баспа таба-  
ғы 3. Тиражы 500 дана.

477000, Жезқазған қаласы, Бейбітшілік көшесі, № 13 үй.  
«Полиграфия» Жезқазған ашық акционерлік қоғамы.